**Тексерілді:** [signature]
**Әдіскер А.К.Керуенбаева**

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
*Жоспардың құрылу кезеңі* 07-11 қараша айы 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 11.11.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Ұлттық ыдыстар.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз, Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарыммен бір жүру, Қайырлы күн, достарым!Қайырлы күн, достарым!<br>**«Т» дыбысынан** басталатын сөздер айтындаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі),<br>Қима материалдармен жұмыс.<br>**Ойын: «Сиқырлы қоржын».** ( Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.<br>– Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?<br>**Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...».** Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы: Менде тостаған. Сенде не?<br>**Сергіту сәті:** *Ән: «Дастарқан».*<br>Ей, халайық, халайық, Бар өнерге салайық. Ас ұсынып, бас тартқан,<br>Жаюлы тұр дастарқан. Дастарқан-ау, дастарқан, Берекелі дастарқан,<br>Мерекелі дастарқан О-о-о!<br>**Жаңылтпашпен таныстыру**. Шеше, неше кесе сынды кеше?<br>Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту.<br>**Күтілетін нәтиже:** ұлттық ыдыстармен танысады. Жаңылтпаштарды қайталап, шапшаң сөйлеуге дағдыланады. | Ойын: «Сиқырлы қоржын». ( Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). | Ұлттық ыдыстардың ерекшеліктері жайлы сұрап, жауаптарын мадақтау. |
| **Жұма 11.11.2022ж.**<br><br>«Балдыған» | **Үй құстары.**<br>Жаттығу «Кел, танысайық!»<br>Әдемі вальс әуені естіледі. Педагог тырналардың тырауалаған дыбысын қосады.<br>**Жұмбақ.** Аулада жүреді, Қыт-қыттай береді? Суда жүзіп қаңқылдайды | «Не қалай дыбыстайды?»<br>Мақсаты: құстарды | Құстар және олардың ерекшеліктері туралы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | алақанның ішіне тигізіп тұрады. Педагог үшке дейін санап, алақанын жұмады, осы кезде балалар жылдам қолдарын алуға тырысады. Қай баланың қолын ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>1.Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата.<br>Балалар сөйлем құрайды.<br>**2.**Жаттап ал. *Педагог тақпақты бірге жаттауды ұсынады.*<br>Алтын, сары, қызыл көк – Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз айларын айтады, жаңылпаштарды жай және жылдам қайталайды. | | |
| **11.11.2022ж.**<br>«Балдырған» ересек тобы | **Күзгі сыйы.**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер! Бәрін біліп алатын, Мен бақытты баламын.<br>**Жұмбақ. «Күз».** Өрік алма, Жидек жүзім піседі. Қауын қарбыз,<br>Қияр, сәбіз дүкендерге түседі. Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады.<br>**Дидактикалық ойын: «Күз сыйы».** Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар.<br>*Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектермен таныстырады.*<br>**«Кім жылдам?»** ойыны: себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды.<br>**О мен Ө дыбыстарын ажыратуға арналған жаттығулар.**<br>То-тө, шо-шө, до-дө, мо-мө, Ко-кө, зо-зө, жо-жө, уо-уө, Но-нө, по-пө, со-сө, ло-лө, Го-гө, ро-рө, бо-бө, го-гө, То-тө-то, шо-шө-шо, по-пө-по, мо-мө-мо, но-нө-но. Доп, мол, бол, қол. Шөп, шөл, төл, көл. Өзен, ожау. Орақ, өрік. Көз, қаз, бөлтірік, қолтырауын.<br>**«Жеміс-көгөніс дүкені»** демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды. Педагог алдымен өзі айтады: Дүкенде қияр бар. Дүкенде қызанақ бар.<br>**«Дүкен» ойыны.** Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің атауын қайталау, есте сақтау. Көгөністерді тап. Ата. Олар қайда өседі? Өзіңе ұнаған көгөністі сипатта.<br>**Жаңылтпашты жаттап ал.**<br>*Бақшада көп көгөніс, Бақтарда да көп жеміс. Өседі, піседі Көп жеміс пен көгөніс.*<br>**Тіл ұстарту**. Ө-ө-өр-өр - өрік. І-і-і-іс-іс – жеміс. Қ -қ-қ - құрма.<br>**Сергіту сәті**<br>Ауладағы бағымда Самсаған көп алмалар, Жете алмаймын санына. Бір ағашта қанша бар Бұтақтан үзілген? Жарылса анарым, Моншақтай тізілген, Дәндерін аламын.<br>**«Дүкен» ойыны**. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жемістердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже**: балалар өз ойын еркін жеткізеді, «Ө» дыбысын ажырата алады, жаңылтпаштарды жай және жылдам қайталайды. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық, таза жеткізеді. | «Кім жылдам?» ойыны: себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды. | Жаңылтпаштар-ды жай және жылдам қайталау. |

Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 14-18 караша айы 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 18.11.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Үйдің көркі не? «Ө» дыбысы.**<br>«Амандасайық» жаттығуы.<br>**О мен Ө дыбыстарын ажыратуға арналған жаттығулар.**<br>То-тө, шо-шө, до-дө, мо-мө, Ко-кө, зо-зө, жо-жө, уо-уө,<br>Но-нө, по-пө, со-сө, ло-лө, Го-гө, ро-рө, бо-бө, го-ғө,<br>То-тө-то, шо-шө-шо, по-пө-по, мо-мө-мо, но-нө-но.<br>Доп, мол, бол, қол. Шөп, шөл, төл, көл. Өзен, ожау. Орақ, өрік.<br>Көз, қаз, бөлтірік, қолтырауын.<br>**Буындарды, сөздерді айту, дыбыстарды ажырату жаттығуы.**<br>Педагог: - Балалар, буындарда [о] дыбысын танысаңдар, қолдарыңды жоғары көтеріңдер, [ө] дыбысын танысыңдар, қол шапалақтаңдар.<br>- Келістік пе? Бастайық. - Тос - төс, ожау - көсеу, бос - бөс, көбелек - доңғалақ, көз - қос, қозы - көзі, сөз - соз, өгіз - оғыз, орақ - өрік.<br>Суреттер сериясын көрсету (слайд материалдары).<br>**Ғажайып сәт.**<br>**«Үйде не бар?» жаттығуы.** Көрнекілік суреттерді көрсету.<br>**Сергіту сәті. «Бәйтерек сияқты».** Биікке қол созамыз! Былай! Былай!<br>Бәйтеректей боламыз, Өсеміз осылай! Аяқты ашайық, Біз мықты болайық!<br>Өсеміз батыр болып, Өсеміз батыл болып, Орташа темптегі ырғақты әуен қосылады.<br>Орнында тұрып созылу айтылған өлең жолдарына сәйкес орындалады.<br>«Қажет, қажет емес» жаттығуы. Асүй мен жатын бөлмесіндегі жиһаздардың дұрыс және қате орналастырылған суреттер сериясы көрсетіледі.<br>1. Асүйде үстел мен орындық.<br>2. Асүйде үстел, орындық пен төсек.<br>3. Жатын бөлмеде төсек.<br>4.Жатын бөлмеде төсек пен асүйге арналған шкаф бар. Жаттығу кезінде басқа балалар үлгіні | «Үйде не бар?» жаттығуы. Көрнекілік сурет-терді көрсету ар-қылы жиһаздардың атауларын атап, сөйлем құрастыру-ға баулу. | Жиһаздар не үшін қажет ?- сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе диалог құрастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қолданып, қайталай алатын балалардың жеке жауаптарын қамтуға тырысады. Олардың мысалдарын сөйлеу дағдыларын жаттықтыруды қажет ететін балалар қайталай алады.<br>**«Сенде не бар?» рефлексиясы.**<br>Үстелдің бетінде әртүрлі ретпен жиһаздардың заттық суреттері жайылып жатады. Олар: үстел, орындық, шкаф, төсек, диван.<br>**Күтілетін нәтиже:** жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінеді, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсе алады. | | |
| **Жұма 18.11.2022ж.**<br><br>«Балдырған» ересек тобы | **«Ө» дыбысы. 5 дейін санау, кері санау.**<br>«Амандасайық» жаттығуы.<br>Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі!<br>Сол сұлулықты сақтайық, Мадақтайық, мақтайық!<br>Слайд-шоу негізінде миға шабуыл.<br>**Көркемсөз.**<br>Әйнегі - күн, шатыры - аспан, Кең дала ... Төсі толған егін.<br>Көлдері күміс шашқан, Қазақстан - Республикам менің!<br>**Сурет бойынша әңгіме. «Туған өлкем – байлығым».** - Қазақстанның көрікті жерлері, табиғаты, туралы әңгіме құрастыру.<br>**Пішінді таңбалауыштар мен мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. «Менің өлкем».**<br>Балалар орындарына отырады, педагог интербелсенді немесе көрнекіліктерге арналған тақтада суреттерді көрсетіп түсіндіреді.<br>**Ө дыбыстарын ажыратуға арналған жаттығулар.**<br>То-тө, шо-шө, до-дө, мо-мө, Ко-кө, зо-зө, жо-жө, уо-уө, Но-нө, по-пө, со-сө, ло-лө,<br>Го-гө, ро-рө, бо-бө, ғо-ғө, То-тө-то, шо-шө-шо, по-пө-по, мо-мө-мо, но-нө-но.<br>Доп, мол, бол, қол. Шөп, шөл, төл, көл. Өзен, ожау.<br>Орақ, өрік. Көз, қаз, бөлтірік, қолтырауын.<br>**Топшаларда мнемокестеге негізделген сөйлем модельдеуге арналған жаттығу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақ сипатына сәйкес бұйрықты сөйлеммен жауап беруге жағдай туғызу.<br>**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «5-ке дейін тура және кері санау».**<br>Педагог балаларға орындықтарға жартылай шеңбер құрып отыруды ұсынады.<br>Педагог артық көрнекіліктерді алып тастайды, солдан оңға қарай сызықтың бойымен Қазақстанның бес байлығын бейнелейтін суретті таңбалауыштарды қалдырады.<br>**Бекіту, қортындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** балалардың ұғымындағы еліміздің табиғаты туралы білімдері толысады. [-ө] дыбыстарын нақты, анық естуге, ажыратуға ынталанады, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыланады; [-ө] дыбыстарын сөздің кез-келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуды үйренеді; табиғат нысандарының атауларын дұрыс атау, қолданылу аясы туралы түсініктерін біледі. | Ертегі «Үш аю». Ертеде бір кішкентай қыз өмір сүріпті...(баяндау).<br>Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу.<br>«Үлкен», «орташа», «кішкентай» туралы ән. | Адамдардың қонаққа бару әдебі, мінез-құлқы жайлы әңгімелесу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ересек тобы | Ерте тұрып шақырады. (Үй құстары.)- Ку-ка- ре- ку!<br>- Балалар, бұлар нелер? Үй құстарының дауыстары.<br>- Қандай үй құстары екенін білу үшін, олардың дауыстарын естіп көрейік. Аудиотаспа мен суреттерге сүйене отырып сөздік жұмыс. Педагог барлық құстарды нұсқап, көрсеткішпен дөңгелетіп қоршап тұрып:<br>- Балалар, тауық, қаз, үйрек, күркетауық, әтеш. Бұлардың барлығын бірге үй құстары дейміз<br>**Драматизация негізінде лого-ырғақ. «Не қалай дыбыстайды?»**<br>Мақсаты: құстарды дыбыстарына қарай ажыратуды үйрету. Педагог балаларды кең, ашық алаңға шақырады. Алдымен, педагог өзі артикуляция бойынша дыбыстап, балаларға өлеңді оқиды. Қаз қаңқылдайды: «қаңқ-қаңқ- қаңқ». Тауық қытқыттайды: «қыт-қыт-қыт». Үйрек барқылдайды: «барқ-барқ-барқ». Күркетауық күркілдейді: «күрк-күрк-күрк». Ал әтеш шақырады: «ку-ка-ре-ку». Әуен ырғағымен әнді айтпас бұрын, педагог балалармен ойын-жарыс өткізеді. Педагог саны бойынша бірдей үй құстарының басқа киілетін тақия маскаларын дайындайды. Балалар қалауы бойынша тақия масканы таңдайды да, бастарына киеді. Топтардың жұмыстарының бастамасының белгісі ретінде педагог үй құстарының бірінің суретін көтеріп көрсетуіне болады. Топтық жаттығу үшін балалардың бастарына тақия-маскалар қажет: қаз, тауық, үйрек, күркетауық, әтеш.<br>**Есту зейініне арналған жаттығу. «Жыл құстары».**<br>Мақсаты: есту зейінін, еске сақтауды дамыту. Педагог жылы жаққа ұшып бара жатқан тырналардың дауысының аудиотаспасын тағы да қосады.<br>**Көркемсөз.** Ұшасыңдар қалықтап,Барар жерді анықтап,Тырау, тырау, тырналар. Көкті бүркеп күзгі бұлт, Ысқырады ызғырық,Тырау, тырау, тырналар. Қуанданып атырап, Сарғыш тартты атырап.<br>**Көру зейініне арналған жаттығу. «Не бірінші? Не соңғы?»**<br>Мақсаты: көру зейінін, еске сақтауды дамыту. Суретті көрсету.<br>Педагог суреттерді орналастырады: тырна, қарлығаш, көкек, аққу. Балалар жеке-жеке және топпен қайталайды. Педагог құстарды орналастыру ретін бірнеше рет ауыстырып, балаларға сұрақтар қояды: - Не бірінші болды? Не соңғы болды?<br>Құстардың орналасу реттілігі өзгертілген нұсқалардың үлгісі.<br>1. Тырна, аққу, қарлығаш, көкек. 2. Қарлығаш, тырна, көкек, аққу.<br>3. Аққу, қарлығаш, көкек, тырна. 4. Көкек, қарлығаш, аққу, тырна.<br>**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».**<br>«Құртақандай торғай да, өз ұясын қорғайды» мақалды есімізге сақтап алып, үйге барғанда айтып берейік.<br>**Материалды бекіту, қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының себептерін түсіндіру; олардың ерекшеліктері жайлы түсінік беру; дауыстарын ажыратуды үйрету. | дыбыстарына қарай ажыратуды үйрету. Педагог балаларды кең, ашық алаңға шақырады. Алдымен педагог өзі артикуляция бойынша дыбыстап, балаға өлеңді оқиды. | білімдерін пысықтау. |

Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 21-25 қараша айы 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 25.11.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Орманда нелер мекендейді? Жабайы аңдар.**<br>Шаттық шеңбері<br>Қайырлы таң! Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң! Достасқан бар балалар.<br>Қайырлы таң! Біздің бала бақшамыз.<br>Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!<br>Ғажайып сәт.<br>Педагог: - Балалар, бізге қонаққа Қоян келді. Сәлеметсіз бе! Ол бірдеңе айтқысы келеді.<br>**Көркемсөз.** Мен орманда мекендеймін,Түлкіден қорқып, елеңдеймін. Бұталардың астына тығыламын, Көрініп қалмасын құлақтарым. Орман сүйікті тұрағым, Осында сайран құрамын.<br>**«Орманда нелер мекендейді?» жаттығуы.** Қоянның суретін көрсету.<br>**«Аңдар сияқты жүреміз» сергіту сәті.**<br>**«Үйшік» ертегісін айтып беру.**<br>**«Қай аң жасырынған?» дидактикалық ойын.**<br>*Мақсаты*: жабайы аңдардың дене мүшелерін (бөліктерін) танып, дұрыс атай білуді, қай дене мүшесі, қандай аңға тиесілі екенін ажыратуды үйрету.<br>*Ережесі:* әр бала өзіне келген суретте не жасырынғанын тауып, сол аң екенін дәлелдеуі қажет. Дәлелдеу кезінде: «Менің ойымша, ...<br>**Қорытынды**<br>**Күтілетін нәтиже**: ертегі мазмұнын түсінеді. Қойылған сұраққа анық , нақты жауап береді. | «Үйшік» ертегісі. | Мен орманда мекендеймін,Түлкіден қорқып, елеңдеймін. Бұталардың астына тығыламын, Көрініп қалмасын құлақтарым. Орман сүйікті тұрағым, Осында сайран құрамын. (Жаттау) |
| **Жұма 25.11.2022ж.**<br>«Балдырған» | **Диалогтар.**<br>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»<br>- Қайырлы таң, көздерім! Қайырлы таң, құлақтарым! Қайырлы таң, қолдарым! | Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу. | Мамандыққа байланысты жұмбақтар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ересек тобы | - Қайырлы таң, аяқтарым! Сендер ояндыңдар ма? Ия біз ояндық!<br>- Көздерім көріп тұр<br>- Құлақтарым естіп тұр<br>- Қолдарым қол соғып<br>- Аяқтарым топылдатты. Біз ояндық!<br>***Жұмбақ.***<br>Дәрігер бізді емдейді, Жанға шипа іздейді. Санаға ақыл құяды, Мұғалімді ел сыйлайды. Ашыққанды тойдырар, Аспаздай маман жоқ шығар. (Мамандықтар.)<br>Суреттер бойынша сөздік жұмыс. «Мамандықтар» тақырыбына байланысты диалог құрастыруға баулу.<br>**Мнемокесте негізінде әртүрлі құрылымды сөйлем модельдеу жаттығуы. «Кім, не істейді?»**<br>Педагог балалардың алдына әртүрлі сөздер санынан тұратын сөйлем құрау сызбаларын іледі.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір үйде біз нешеуміз? Бас бармағым атам,<br>Балаң үйрек әжем, Ортан терек әкем,<br>Шылдыр шүмек анам, Титтей бөбек мен,<br>Бір үйде біз бесеуміз. Балалар бір үйде біз бесеу екенбіз.<br>Кейбір отбасында одан да көп екен.<br>**Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу. «Не істейді?»** Педагог балаларды жұптарға бөледі.<br>**«Кім жоқ?» ойыны.**<br>Шарты: балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. (Балалардың ойыны)<br>**Еңбек туралы мақал – мәтел білеміз.** (түсіндіру)<br>Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Еңбек етпеген ішіп жемейді.<br>**Материалды бекіту және қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** балаларды бірнеше мамандық иелері қолданатын құрал-жабдықтар арқылы ажыратуды және атауды үйренеді, диалог сөйлеуді еске сақтау, ойлау қабілеттері, көру және есту арқылы қабылдаулары, қатынастық дағылыры дамиды. | «Не істейді?»<br>Педагог балаларды жұптарға бөледі.<br>Суреттер бойынша сөздік жұмыс. | жасыру. |

Тексерілді: 
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 28 қараша -02 желтоқсан айы 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| Жұма<br>02.12.2022ж.<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?**<br>Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»<br>Қайырлы таң! Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң! Достасқан бар балалар.<br>Қайырлы таң! Біздің бала бақшамыз.<br>Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!<br>Мультфильмнен үзінді көрсету.<br>(Сюжет бойынша қыста жабайы аң қарды иіскеп, бірдеңе іздеп жүреді)<br>**Әңгімелесу. Жұмбақ жасыру.**<br>Ұзын құлақ қорқақпын, Үлпілдек жүн томпақпын. Сәбізді жақсы көремін, Үнемі қашып жүремін. - Ол не? (Қоян.)<br>**Қоян туралы ақпараттық слайд көрсету.**<br>(қоянның дене мүшелерін атап айту, тонын ауыстыратыны жайлы мағлұмат беру, қоянның сүйікті қорегі, мінез-құлқы жайлы айтып өту)<br>**Тақпақ жаттату.**<br>Мен сәбізді сүйемін, Ақ тонымды киемін.<br>Қасқыр менен түлкіден, Жасырынып жүремін.<br>**Сергіту сәті.**<br>Түлкі, түлкі, түлкімін. Көрдің бе түсін тонымның? Қара етік киемін, Бойымда жоқ бір мінім! Иә, біраз айлам бар, Айладан түсер пайдам бар. Жолап кетсем қораңа, Тауықтарың жоғалар.<br>**Тыныс алу гимнастикасы.**<br>**«Шыршаның артына не жасырынған?» дидактикалық ойыны.**<br>Балаларға әртүрлі шыршаның артына жасырынған бір аң бар суреттер таратылады. Бұл суреттерде сол аңдардың бір дене мүшесі көрініп қалған. Осы дене мүшесі бойынша, қай | Тыныс алу гимнастикасы.<br>«Не жасырын-ған?» д\о.<br>Балаларға әртүрлі шыршаның артына жасырынған бір аң бар суреттер таратылады. Бұл суреттерде сол аңдардың бір дене мүшесі көрініп қалған. Осы дене мүшесі бойынша, қай аңның үйі екенін тауып алуды ұсынады. | Тақпақ жаттау.<br>Мен сәбізді сүйемін, Ақ тонымды киемін.<br>Қасқыр менен түлкіден, Жасырынып жүремін. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | аңның үйі екенін тауып алуды ұсынады.<br>**Күтілетін нәтиже:** орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетеді. Жұмбақтардың шешуін табады. тақпақты түсініп, жаттай алады. | | |
| **Жұма 02.12.2022ж.**<br>«Балдыған » ересек тобы | **Жабайы аңдар және балалары. Жылдам-баяу.**<br>Жаттығу. «Қане, амандасайық!»<br>Қайырлы таң! Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң! Достасқан бар балалар.<br>Қайырлы таң! Біздің бала бақшамыз.<br>Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз<br>Аудиотаспа тыңдау.<br>Орман атмосферасының аудиотаспасы.<br>**Көркемсөз. Жұмбақ.** Педагог мнемокарточкалар қолданады.<br>Қабырғасы көп ағаш, Керегесі - жапырақ. (үй, қабырғалары шырша, қарағай - тізбектелген) Шаңырағы - көк аспан, (астыңғы сызық бойымен көк толқынды ирек, құрт тәрізді. Іші-думан, атырап, (көлеңке - ағаштың арғы жағында құлақ бейнеленген, қасында қашып бара жатқан қоянның бейнесі) Ыңыранған, ұлыған, Жабайылар дыбысы. (көлеңке - басын жоғары көтерген қасқырдың бейнесі) Жатқандай бір кеміріп, (жақын - сирақ пен тіс, жаңғақ кемірген) Тәтті нанның бұрышын.<br>**Көлеңкелі театр негізінде сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. «Жабайы аңдар».** Педагог жаттығуды ұйымдастыру алдында жабайы аңдардың көлеңкелі және түрлі-түсті суреттерін дайындайды. Заттық көлеңкелі суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін. Түрлі түсті заттық суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін.<br>**Зейінге арналған сөздік-қимылды ойын жаттығуы. «Жылдам - баяу».**<br>Педагог «көжектерге» қарап («қонжық», «кірпінің балалары», «тиіннің балалары», «жәудірлер», «бөлтіріктер»), сұрақтар қоя бастайды:<br>- Сендер нелерсіңдер?! (Көжектер! Қонжықтар! Кірпінің балалары! Тиіннің балалары! Жәудірлер! Бөлтіріктер!) - Жарайсыңдар!<br>- Ал енді, балалар, үлкен шеңбер жасап тұрыңдар.<br>- Балалар, біз жылдам және баяу қозғалатын боламыз (ым-ишара көрсету)<br>**Бекіту, қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** жабайы аңдардың балаларының (төлдерінің) атауларын біледі. «Жылдам - баяу» қимыл-әрекеті жайлы түсініктері қалыптасады. Ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы біледі. | Көлеңкелі театр негізінде сәйкес-тендіруге арнал-ған сөздік жатты-ғу. «Жабайы аңдар». Педагог жаттығуды ұйым-дастыру алдында жабайы аңдардың көлеңкелі және түрлі-түсті сурет-терін дайындайды. Заттық көлеңкелі суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін. Түрлі түсті заттық суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін. | Аңдарға байланысты жұмбақтар шешу. |